

«Талдысай орта мектебі» КММ
Қамқоршылық кеңесі
I- отырысының хаттамасы

Мерзімі: 13 қаңтар 2023 жыл

Қатысқандар: 12 адам
ҚҚ- 9 ,мектеп әкімшілігі-2

Күн тәртібінде:

- 1.Қамқоршылық Кеңесінің жылдық жоспарын талқылау және бекіту;
2. Қайырымдылық акциясынан түскен қаражатты бөлу;
Баяндамашы: Жумалиева Ж.А
- 3.Әр түрлі мәселелер.

Сөйлеушілер:

1-ші мәселе бойынша сөйледі: Жумалиева Жумабике Айтпагамбетова
2023 оқу жылына қамқоршылық кеңестің жылдық жоспарын құруды ұсынды.Жоспарға өзгеріс енгізу жөнінде сөз алды.

Сөйледі: Алмагамбетов Д.К-мүшесі.Қамқоршылық кеңесінің жылдық жоспарына өзгеріс енгізу керек.Атап айтсақ мектепшілік есепте тұрған ,келеңсіз отбасы есебінде тұрған оқушыларды жазғы сауықтыру лагеріне ,енбек бригадасына тарту ,құқық бұзушылық алдын алу т.б тармақтар қосуды ұсынамын. Ашық дауыс бере отырып ,мүшелері бір ауыздан жаңа жоспарды құрып,бекітті.

2-мәселе бойынша: Умиржанов А.У -бүгінде мектеп ұжымы тегін ыссы тамақпен қамтылмайтын 40 оқушыға буфеттік күнделікті (шай,бәліш) ұйымдастырып демеушілік көрсетіп отыр. Қамқоршылық кеңесіне чектері тапсырылатын болады. Жыл соңында нақты соммасы есептелінеді. Қайырымдылық акциясына 60 мың ақшалай көмек берілді. Тәрбие ісі орынбасары көмекке мұқтаж 2 баланың тізімін ұсынды. Қысқы күртеше,аяқ киім керектігін хабарлады.

Сөйледі: Будусова А.Х-аталған сомманы тізімде тұрған көмекке мұқтаж 2 оқушыға киім-кешекпен алып берейік.Қолдау көрсетейік.

Сөйледі: қамқоршылық кеңес мүшесі Избасарова Ш.Х мектеп мұғалімдерінің демеушіліктерін естіп ,оқушылар үшін жасап отырған игі істерін қолдаймын.

3.Әр түрлі мәселелер бойынша: қамқоршылық кеңесінің төрайымы Ж.Жумалиева сөз алды. Сөз соңында күн тәртібіндегі мәселелер бойынша қолдаушылар: 9

Қолдамаушылар:0

Қаулы:

- 1.2023 оқу жылына құрылған жылдық жоспары бекітілсін;
2. Қамқоршылық кеңес төрайымының есебі қабылдансын;

Қамқоршылық кеңес төрайымы:
Мүшелері:

Ж.А.Жумалиева
А.У.Умиржанов
Д.К.Алмагамбетов
У.А.Абдрахимова
С.Хажай
С.А.Алтынбеков
А.Х.Будусова
Ш.Х.Избасарова
Н.К.Ульянов
А.Н.Куккузова

Қамқоршылық кеңес хатшысы:

«Қамқоршылық кеңесінің» №1 отырысына
шақыру

Құрметті-----

13 қаңтар күні мектебімізде Қамқоршылық
кеңесінің №1 отырысы өтеді.

Күн тәртібінде:

- 1.Қамқоршылық кеңесінің жылдық жұмыс
жоспарын талқылау және бекіту.
2. «Қамқорлық» акциясын ұйымдастыру.

Сізді ,қамқоршылық кеңесінің мүшесі
ретінде, қамқоршылық кеңесінің отырысына
шақырамыз.

Өткізілетін мерзімі: 13.01.2023.жс

Өткізілетін жері: Талдысай ОМ,акт залы